

Жерлерге салынатын базалық салық ставкалары туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2008 жылғы 18 сәуірдегі N 5-4 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2008 жылғы 29 сәуірде N 5-5-79 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 12/3-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 26.04.2013 № 12/3-V шешімімен (жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы № 209-II Кодексінің 338-бабының 1-ші бөліміне сәйкес Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жерлерге салынатын базалық салық ставкалары бекітілсін:

1) Ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық ставкасы 50 пайызға ұлғайтылсын;

2) Жеке тұлғаларға берілген ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық ставкасы өзгеріссіз өз көлемінде қалдырылсын;

3) Елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) салынатын базалық салық ставкасы 20 пайызға ұлғайтылсын;

4) Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкасы 50 пайызға ұлғайтылсын;

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаменті Абай ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Ғ. Қуанышбай